«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АРХИВТЕР
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ЦИФРЛАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ

КГУ «ЦЕНТР ЦИФРОВИЗАЦИИ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЯ ЦИФРОВИЗАЦИИ
И АРХИВОВ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

№ 03.03.2026
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 11
город Атырау

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ болып табылады. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН.

Көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіні анықтау туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (*әрі қарай - Заң*) 16-бабының 3 тармағының 28) тармақшасын, 5,6-тармақтарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының» (*әрі қарай - Қағида*) 506, 507 - тармақтарының талабын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 5-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттары сақталып, осы Заңның 16-бабының 3-тармағы 25)тармақшасы негізінде Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу *«Жергілікті атқарушы орган үшін автоматтандырылған жұмыс орнын ұйымдастырумен «бірыңғай мемлекеттік кадастрлық жылжымайтын мүлік» ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсыну (ЖМБМК АЖО) қызметтерін сатып алу қызметі үшін»* мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен өнім беруші **«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»** деп анықталсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты мекеменің бас есепшісі Г.Бегімсалтиеваға:

– өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;

– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен

мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру жүктеледі.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және Заңның 5-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақталып тиісінше орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

«Атырау облысы
Цифрландыру және архивтер
басқармасының
Атырау облысының
Цифрландыру орталығы» КММ
басшысы **А.Казипанов**